

ТҰҒЫРЫ БИІК ПАРАСАТТЫ ТҰЛҒАЛАР

«Әбділда шығармаларының негізгі үлгісі, жанры – поэзия. Бұл жанрдың ішінде айқын ерекшелігі –оның сыршыл, лирик ақын болуында. Ақын еңбектері әуелі қысқа, көбіне саяси лирикадан басталады да, кейін лирикалық толғауларға, лирика сарыны мол романтикалық поэмаларға да ауысады...».

М. Әуезов.



«Әбіш Кекілбайұлы – еліміздің рухани тіршілігінде болсын, саяси-әлеуметтік өмірінде болсын қайталанбас құбылыс. Ол – феномен. Ол – тұтас әлем. Ол айтқан сайын, қадалған сайын тереңдей түсетін шыңырау әлем. Ол шыңыраудан әлі талай ұрпақ сусындап, талай ұрпақ қуаттанары сөзсіз. Ол – рухани ұлы тұлға».

Темірхан Медетбек, ақын

Қазақ әдебиетінің туындыларын тиісінше оқып, зерделеп талқылауда өткір қажеттілік туындады. Кітапқа деген қызығушылықты арттыру, халқымыздың әдеби мұрасын зерттеп, рухани мұраны сақтау мақсатында «Бір ел-бір кітап» акциясы бастау алған. Дәстүрге айналған жыл сайын өткізіліп тұратын шараға биыл Әбділда Тәжібаевтың поэзиясы мен Ә. Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры» шығармасы таңдалып алынды. СҚМУ-дың ғылыми кітапханасында наурыздың 29 жұлдызында авторлардың шығармашылық үзінділеріне эстафеталық оқу, өлеңдерін мәнерлеп оқу, кітап көрмесі ұйымдастырылып, бейнефильмі қаралып, шығармалары талданды.



